

# Өңірімізден «алтын бұйымды адамның» қорымы табылды

РУХАНИ  
ЖАҒҒЫРУ



Археологтар ол жерде 4 жылдан бері тыңғылықты қазба – зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан болатын.

ойлағаннан да ерте пайда болуы бек мүмкін. Оған бұлтартпас дәлел болатын жаңалықты Қазақстан ұлттық телеарнасы алғашқы болып жария етті. «Алтын бұйымды адамның» қорымы біздің жыл санауымызға дейінгі VI – VII ғасырларға жататын ежелгі сақ қорғанынан табылып отыр. Ол жайында қазба жұмыстарын жүргізуші археолог Әбдіпұр НҮСҚАБАЙ :

« Қойылған алтын заттарына қарағанда әлеуметтік жоғарғы таптың адамы екені белгілі. Жалпы, сыртқы формасы, архитектурасының ерекшелігі оның үлкен шенді адам болғанын көрсетіп отыр», – дейді ұлттық арнаға берген сұхбатында.

Археологтар 2017 жылдан бері зерттеу – зерделеу жұмыстарын жүргізіп жатқан жерде сақ тайпаларының адамдары

жерленген болуы мүмкін 20 қорым бар. Соның бұған дейін төртеуі қазылыпты. Ал, аса құнды жәдігер табылған бұл қорымда сақ бекзадаларының бірі жерленген болуы мүмкін дейді мамандар. Сақ тайпасының зергерлік өнерді жете меңгергенін табылған бұйымдардың өте күрделі жасалғанынан көруге болады. Онда жерленген адамның киімі ұсақ алтын мон-

шақтармен безендіріліпті.

Жәдігерлер хатталып, мұражайларға табысталмақ. Сондай ақ, қазба жұмысы жүргізіліп жатқан жерді туризм орынына айналдыру жоспарда бар екені де айтылды. Алайда, ол жердің инфрақұрылымы сын көтермейтіндіктен мол қаражат бөлінбесе туризмнің ауылы әзірге алыс екені түсінуге болады.

Дарқан АМАНТАЙҰЛЫ

Қазақ жерінде өркениет біз

Мәдениетіміздің қорықтарымыз

Құрметті арқалықтар!